

2008 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 22 қаңтардағы N 02/04 қаулысы. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 27 ақпанда N 8-1-69 тіркелді. Қабылданған мерзімі біткеніне байланысты күші жойылды (Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарының 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 3-4/1329 хатымен)

Ескерту. Қабылданған мерзімі біткеніне байланысты күші жойылды (Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарының 2011.04.28 № 3-4/1329 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесіне" сәйкес, Қарағанды қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2008 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесі, жұмыс түрлері мен көлемдері, қаржыландыру көзі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына екі төменгі еңбекақы көлемінде бекітілсін.
3. Өкілетті орган "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Мәрия Қалиакпарқызы Құсаиынова) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға типтік шарт жасасын.
4. "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қыркүйектегі N 44/12 қаулысының күші жойылды деп танылсын, (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 8-1-60, 2007 жылғы 1 қарашадағы N 126 (20522) "Индустриальная Караганда" және 2007 жылғы 1 қарашадағы N 175 (20349) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған).
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Алмагүл Аманжолқызы Сәлімбаеваға жүктелсін.
6. осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2008

жылдың 1 ақпанынан пайда болған қатынастарға қолданылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2008.09.05 N 35/16 қаулысымен.

Қала әкімі

И. Тоғайбаев

Қарағанды

қаласы

әкімдігінің

2008

жылғы

22

қаңтардағы

N 02/04 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгертулер енгізілді - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2008.09.05 N 35/16 қаулысымен.

2008 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын

Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесі

N	Мекемелердің атауы	Адам саны	Жұмыстың түрлері	Қаржылардыру көзі	Жұмыс көлемі , теңге
1	"Қалалық коммуналдық шаруашылық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	95	Қаланы көркейту және көгалдандыру	Қарағанды қаласының бюджеті	2946030
2	"Мәдениет және демалыс бақтарының басқармасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	75	Көркейту, көгалдандыру, аймақтарды тазалау	Қарағанды қаласының бюджеті	2325813
3	"Қалалық жарық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	12	Жарық беру желілерін күтіп ұстау бойынша жұмыс	Қарағанды қаласының бюджеті	389885
4	Октябрь ауданы әкімінің аппараты	144	Парктерде, саяжайларда, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау, тұрғын үйлердің техникалық жағдайын тексеру, лифт шаруашылығын түгендеу, газ тарату қондырғыларын тексеру	Қарағанды қаласының бюджеті	4451861
5	Қазыбек би атындағы аудан әкімінің аппараты	134	Парктерде, саяжайларда, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау, тұрғын үйлердің техникалық жағдайын тексеру, лифт шаруашылығын түгендеу, газ тарату және аудандарды жарықпен безендіру қондырғыларын тексеру	Қарағанды қаласының бюджеті	4141752
6		53	Мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу,		1643111

	Қарағанды қаласы әкімінің аппараты		құжаттарды көбейту және тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	
7	Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданы бойынша салық комитеті	55	Тұрғындармен жұмыс, көлікке және мүлікке салық төлеу тұыртектерін және хабарламалар тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	1705596
8	Қарағанды қаласы Октябрь ауданы бойынша салық комитеті	55	Тұрғындармен жұмыс, көлікке және мүлікке салық төлеу тұыртек және хабарламалар тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	1705596
9	"Шахтер" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	80	Тұрғылықты жері бойынша аула клубтарында жасөспірімдермен және жастармен жұмыс, бекітілген аумақты тазалау	Қарағанды қаласының бюджеті	2480867
10	"Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	35	Қарулы күштер қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу	Қарағанды қаласының бюджеті	1081049
11	"Қарағанды қаласы Октябрь ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	38	Қарулы күштер қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу	Қарағанды қаласының бюджеті	1170657
12	Қарағанды қаласы әділет басқармасы	50	Әділет органдарында құжаттар өңдеу жұмысы	Қарағанды қаласының бюджеті	1550542
13	"Қарағанды қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	30	Автомобиль жолдарында түгендеу жүргізу, автокәсіпорындарында жолдаушылардың жүру кестесінің орындалысы жөнінде зерттеу	Қарағанды қаласының бюджеті	930326
14	"Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	17	Құжаттарды өңдеу жұмыстары	Қарағанды қаласының бюджеті	535519
15	"Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	14	Құжаттарды өңдеу жұмыстары	Қарағанды қаласының бюджеті	444192
16	"Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	20	Мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	620217
17	"N 1 кәсіптік мектеп" мемлекеттік мекемесі (Жергілікті бірлестік оқыту орталығы)	20	Халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарының өмір сүру дағдыларын қалыптастыру (компьютерде сауатты жұмыс істеу, үй және қосалқы шаруашылық жұмыстарын істей білу)	Қарағанды қаласының бюджеті	620217

18	"Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	22	Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтарды анықтау, қаланың әлеуметтік қартасын нақтылау, құжаттар өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	682860
19	Қазыбек би атындағы ауданның үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімі	20	Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтарды анықтау, қаланың әлеуметтік қартасын нақтылау, құжаттар өңдеу, аудан бойынша жалғыз тұратын қарт адамдарды анықтау	Қарағанды қаласының бюджеті	620217
20	Октябрь аудандық үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімі	20	Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтарды анықтау, қаланың әлеуметтік қартасын нақтылау, құжаттар өңдеу, аудан бойынша жалғыз тұратын қарт адамдарды анықтау	Қарағанды қаласының бюджеті	621372
21	"Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	11	"Мекенжай тіркелімдердің " нақты бар базалық мәлеметтерді мекенжайдағы ақпаратты салыстырма түрде тексеріс жасау	Қарағанды қаласының бюджеті	343321
	Барлығы	1000			31011000